



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ г.

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2019 жылғы 20 маусымдағы № ДС-107 хатына

Құрметті депутаттар!

Сіздердің көп пәтерлі тұрғын үйлерде балалардың терезеден құлауын болдырмау үшін қауіпсіздік талаптарын күшейтуге қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Жоғарыда көрсетілген проблеманы шешу мақсатында тиісті құзыретті мемлекеттік органдар нормативтік-техникалық құжаттарға қажетті ережелерді қосу бойынша жұмыс жүргізді.

Қазіргі уақытта Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2018 жылғы 12 маусымдағы бұйрығымен бекітілген «Көпқабатты тұрғын үйлер» ҚР ҚН 3.02-01-2018 сәйкес көпқабатты тұрғын ғимараттарды жобалау мен салу терезе конструкцияларының ашылатын элементтерінен адамдардың абайсызда құлап кетуін болдырмау шараларын ескере отырып жүзеге асырылады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Ресей Федерациясының Техникалық реттеу және метрология федералдық агенттігімен бірлескен жұмыс шеңберінде 2018 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының аумағында «Поливинилхлоридті профильдерден жасалған терезе блоктары. Техникалық шарттар» МЕМСТ 30674-99 мемлекетаралық стандартты қолданысқа енгізді.

Осы стандарт тұрғын үйлердің терезе блоктарын тұтқа жағынан жарманың төменгі бөлігіне орнатылған терезе жармасын берік бекітуді және жарманы бұрып ашуды (кең ашылу) бұғаттауды қамтамасыз ететін қауіпсіздік құлыптарымен жабдықтау жөніндегі талаптарды көздейді.

Нормативтік базаны жетілдіру және тұрғын үйлерде терезелер қауіпсіздігін арттыру үшін құзыретті органдар ұйымдар мен бірлестіктер өкілдерімен, кондоминиум объектілерінің басқарушыларымен бірлесіп,

қосымша шараларды әзірлеу бойынша, оның ішінде жоғарыда көрсетілген нормативтер қабылданбай тұрып пайдалануға берілген тұрғын үйлерге қатысты тиісті жұмыс отырыстарын өткізетін болады.

Өз кезегінде қазіргі уақытта Министрлік қолданыстағы заңнамаға объектілер құрылысы кезеңінде бақылауды күшейту бөлігінде, оның ішінде тұрғын үйлердегі терезелер қауіпсіздігіне қатысты өзгерістер енгізу мәселесін қарап жатқанын атап өтеміз.

Ж. Қасымбек